

«Бекітемін»
Қабылдау комиссиясының төрағасы,
Басқарма төрағасы-Ректор



С.Н.Идрисов

«06» 2025 ж.

6B02101 – Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы

6B02102 – Халық аспаптары

6B02104 -Халық әні білім бағдарламалары бойынша
шығармашылық емтихандар

БАҒДАРЛАМАСЫ

(толық және қысқартылған оқу түрі)

Өзірлеушілер:

Аға оқытушы, кафедра меңгерушісі:



Шаужанова А.Т.

Қауымдаст. проф. м.а., Ө.ғ.к.



Б.Ж.Тұрмағамбетова

Аға оқытушы:



К.Ж.Жамекова

«Музыка және өнер» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданған.

Хаттама № 9 «7» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:



Шаужанова А.Т.

МАЗМҰНЫ

1. Емтихан мазмұны	4
2. Емтихан өткізу тәртібі.....	4
3. Шығармашылық емтихан тапсырмалары.....	5
4. Ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлер	5
5. Бағалау критерийлері.....	8
6. Әдебиеттер	

6B02101 – Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы

6B02102 – Халық аспаптары, 6B02104 -Халық әні

білім бағдарламасы бойынша талапкерлерді қабылдау шығармашылық емтихандар
БАҒДАРЛАМАСЫ (оқу мерзімі 4 жыл)

1. ЕМТИХАН МАЗМҰНЫ

1.1 6B02101- «Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы», 6B02102- «Халық аспаптар», 6B02104 – «Халық әні»білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан өткізу бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес құрастырылған.

1.2 Екі шығармашылық емтихан «**Жеке (соло)**» және «Музыкалық-теориялық» бағытта тапсырылады. Әр емтиханның максималды баллы – 50, ең төменгі балы кемінде 5 балл болу қажет.

1.3 «**Жеке (соло)**» және «Музыкалық-теориялық» пәндері бойынша шығармашылық емтихандар бекітілген кестеге сәйкес бейне жазбамен жабдықталған арнайы жабдықталған аудиторияларда өткізіледі. Талапкердің көркем-музыкалық қабілетін, шығармашылық ойлауын, негізгі кәсіби дағдыларын және өнерге қызығушылығын анықталады. Шығармашылық емтихан жұмысын Қабылдау комиссиясы үміткердің дауыс диапазонын, вокалдық техникасын немесе аспапта ойнау қабілеті, музыкалық есту қабілетін, сахналық мәдениеті көру арқылы бағалайды. Барлық жұмыстарды қабылдау комиссиясының өкілі белгілейді.

2. ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

2.1 Шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына жіберуді және емтихандарды өткізу кезінде осы ережелерді сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихандарды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2.2 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аудиторияда бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

2.3 Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келуге міндетті. Талапкерді аудиторияға жіберу емтихан басталғанда кезекпен 1 үміткерден кіреді.

2.4 Талапкерді шығармашылық емтихан аудиториясына жіберуге жеке басын куәландыратын құжаты және рұқсат қағазымен жүзеге асады.

2.5 Шығармашылық емтихан уақыты әр үміткерге - 7-10 минут.

2.6 Шығармашылық емтихан – талапкердің орындаушылық шеберлігін, музыкалық қабілетін, сахналық мәдениетін және теориялық білімін анықтау үшін өткізіледі.

2.7 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлер келесі талаптарды сақтайды: 1) Мәдениеттілік пен әдептілік сақтауға; 2) Сахна мәдениетіне сай, ұқыпты және классикалық киім үлгісімен келуі тиіс; 3) шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпауға міндетті.

2.8 Осы ережелерді бұзғаны үшін талапкер аудиториядан шығарылады. Талапкер емтихан комиссиясының нұсқауларын нақты орындауға міндетті;

2.9 Шығармашылық емтихандарға қайта кіруге және оны қайта тапсыруға жол берілмейді.

2.10 Шығармашылық жұмыстарды тексеруді Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу пәндік комиссия мүшелері ғана жүргізеді.

2.11 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары Бағалау парағы мен пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді. Бағалау қағазы мен бағалары және тексеруші

емтихан алушылар, пәндік комиссия төрағасы қолдары қойылған хаттама нәтижелерін жариялау үшін жауапты хатшыға (оның орынбасарына) беріледі.

2.12 Шығармашылық емтихан қорытындысы емтихан өткізілген күні жарияланады.

2.13 Шығармашылық емтиханды бағалау кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде әрбір жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссиялар шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2.14 Шығармашылық емтихан қорытындысына келіспеген жағдайда апелляцияға өтініш беруге арнайы уақыт (*келесі күнгі 13.00-ге дейін*) беріледі.

2.15 Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған адам апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке береді. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді.

2.16 Талапкер шығармашылық емтиханға келгенде музыкалық аспабын (мысалы, домбыра, қобыз т.б.) немесе сүйемелдеу трегі (артқы фон - минусовка) өзімен бірге алып келуі тиіс

3. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1-ші шығармашылық емтихан – Жеке (соло)

6B02101 - Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы

- 3.1. 1 баяу (лирикалық) және 1 жылдам (көңілді) ән орындау (акапелла немесе сүйемелдеу трегімен);
- Вокалдық жаттығулар (гаммалар, интервалдар айту, тремоло, вибрато көрсету);
- Әннің көркемдік бейнесін жеткізе білу (эмоция, дикция, артикуляция).

6B02102 - Халық әні

3.2 Талапкердің ұлттық орындаушылық мәнерін, дауыс қойылымын, репертуар тереңдігін анықтау.

- 2 халық әнін орындау (бірі – кең тынысты лирикалық, екіншісі – терме, жыр немесе шумақты ән);
- Дауыстың табиғи тембрі мен стильге сай үн шығару (гортандық, көмейлік орындау техникасы);
- Әннің мазмұны мен образын түсініп айту;
- Импровизация элементтерін көрсету (кейде талап етіледі).

6B02104-Халық аспаптары

3.3 Аспапта орындау шеберлігін, техникалық мүмкіндігін, күйді жеткізу қабілетін бағалау.

- 2 күй орындау (бірі – дәстүрлі халық күйі, екіншісі – заманауи немесе авторлық шығарма);
- Нотамен және жатқа орындау;
- Аспаптағы техника: теріс бұрау, іліп алу, шерту, қақпа, иірім (аспапка байланысты);
- Импровизация немесе музыкалық тапсырманы орындау (мысалы, берілген әуенді аспапта қайталау).

Қысқартылға оқу түрі бойынша:

Халық әні мамандығы:

- Екі ән орындау:
 1. **Кәсіби дәстүрлі халық әні** (мысалы: "Ақсұңқар", "Япыр-ай", "Айжан-ай", т.б.)
 2. **Заманауи немесе халық композиторының әні** (мысалы: Мұхит Мералыұлы, Ғарифолла Құрманғалиев, Қызыл Тұрдалыұлы, Маңғыстау ән мектебі, терме-толғаулар т.б.)

Халық аспаптары мамандығы: (мысалы: домбыра, қобыз, жетіген және т.б.)

- Екі шығарма орындау:
 1. **Күй** (дәстүрлі халық күйі немесе шертпе күй – Тәттімбет, Құрманғазы, Дәулеткерей және т.б.)
 2. **Шығармашылық немесе композиторлық өңдеудегі туынды** (мысалы: Қ. Сыдық, Н. Тілендиев және т.б.)

Академиялық вокал:

- Екі вокалдық шығарма:
 1. **Халық немесе классикалық шығармалардан бір ән;**
 2. **Эстрадалық/композиторлық ән** (таңдауы бойынша)

3.4 2-ШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН – «МУЗЫКАЛЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ»

6B02101 – «Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы», 6B02102 - Халық әні, 6B02104 - Халық аспаптары мамандықтары үшін:

1. **Сольфеджио** – ноталарды оқу және айту (қарапайым гамма, интервал);
2. **Музыкалық диктант (ауызша немесе жазбаша)** – тыңдаған әуенді қайталап айту;
3. **Ритмді сезіну** – берілген ырғақ үлгісін қол соғу арқылы қайталау;
4. **Тоналдық есту** – дыбыстардың биіктігін ажырату (жоғары/төмен);
5. **Әнге байланысты сұрақтар:** әннің тарихы, мағынасы, композитор туралы;
6. **Импровизация элементтері** – иірім қосу, өз тембрімен айту, әуенді түрлендіру;
7. **Әуенді есту** арқылы қайталау (ұстаз ойнаған әуенді жатқа айту).

Бағалау:

- Музыкалық есту
- Дауысты дұрыс қолдану
- Эмоцияны жеткізуге ұмтылыс
- Ынтасы мен сахналық мінезі

4. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

- нашар еститін және сөйлеу мүмкіндігі жоқ талапкерлер қабылданбайды;
- нашар көретін;

- 4.1 ЕББҚ талапкерлер үшін тең мүмкіндік беріледі. Емтихан тапсырмалары мүмкіндігіне қарай жеңілдетілуі немесе бейімделуі мүмкін (мысалы, уақыттың ұзаруы, сүйемелдеудің болмауы, мәтінді алдын ала танысу).
- 4.2 Комиссия мүшелері талапкердің музыкалық қабілетіне, есту, сезіну, орындаушылық ниетіне басты назар аударады.
- 4.3 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкерлердің шығармашылық қабілеттерін анықтау, мамандыққа жарамдылығын бағалау және олардың мүмкіндіктеріне қарай қолайлы жағдай жасау.
- 4.4 «Жеке (соло)» және «Музыкалық-теориялық» пәндері бойынша шығармашылық емтихандар бекітілген кестеге сәйкес (3 сағаттан) бейне жазбамен жабдықталған арнайы жабдықталған аудиторияларда өткізіледі. Оқуға түсушілер үшін әзірленген тапсырмалардың екі нұсқасына сәйкес қойылымдар дайындалады. Талапкердің аудиториядағы орны емтихан алдында алынған нөмірмен белгіленеді.
- 4.5 Материалдық-техникалық қамтамасыз ету шарттары:
- қажеттіліктерін ескере отырып, санитарлық-гигиеналық нормалары (сумен жабдықтауға, кәрізге, жарықтандыруға, ауа - жылу режиміне және т. б. талаптар);
 - мүмкіндігі шектеулі білім беру мекемесінің инфрақұрылым нысанына кедергісіз қол жеткізу мүмкіндігі.
 - талапкер қажеттіліктерін ескере отырып, санитарлық-тұрмыстық жағдайлар (жабдықталған гардеробтардың, санитарлық тораптардың, жеке гигиена орындарының болуы және т. б.);

5. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Жеке (соло)» пәнінен шығармашылық емтиханды бағалау критерийлер

№	Бағалау критерийлері	Сипаттамасы	Балл
1	Вокалдық/аспаптық техникалық шеберлік	Дыбыс тазалығы, интонация дұрыстығы, техника (аспапта ойнауда саусақ жұмысы, ырғақ сақталуы және т.б.)	10
2	Репертуардың деңгейі	Таңдалған шығарманың деңгейі орындаушының жасына және мүмкіндігіне сәйкес келуі, күрделілігі	10
3	Шығармашылық интерпретация	Авторлық мәтінді/музыканы көркем жеткізуі, мәнерлілік, эмоционалдық тереңдік	10
4	Дикция және артикуляция (вокал/декламация үшін)	Сөздің анық айтылуы, дауыс қойылымы	10
5	Жалпы көркемдік әсер	Туындының толық орындалу сапасы мен әсері	10
	Барлығы:		50

Сипаттама

Бағалау критерийлері

«Өте жақсы» -50-35 балл үміткерге беріледі, егер:

- өтініш берушінің керемет музыкалық, есту және дауыстық мәліметтер, таза интонациясы, үйлесімді естуі дамыған;
- өтініш берушінің әдемі ән дауысы, таза интонациясы, сөз тіркесінің мағынасы, толық диапазоны бар, шығармаларды орындау кезінде айқын көркемдік қабілеттерін көрсетті және бүкіл бағдарламаны, орындау барысында қателіктер жібермеді.

«Жақсы» -өтініш берушіге 34-20 балл, егер:

- шығармалардың орындалуы жақсы деңгейде, жақсы музыкалық қабілеттерде айтылды бірақ қойылым кезінде дауысында бірінғай кемшіліктер анықталды: біркелкі емес дауыс, дыбыстың тереңдігі;
 - орындау барысында үйлесімді есту мен ритмді тексеру кезінде аздаған қателіктер жіберген өтініш беруші;
 - өтініш берушінің жақсы музыкалық есту деректері және белгілі бір көркемдік қабілеттері, интонациясы бар, бірақ орындау кезінде оның даусының толық ауқымы мен күші болмаса.
- «Қанағаттанарлық» - өтініш берушіге 19-5 балл, егер:**
- өтініш беруші музыкалық және вокалдық мәліметтердің бар екенін көрсетті, бірақ музыкалық қабілеттердің компоненттерін тексеру кезінде ол ән айту кезінде қателіктер жіберді, шығармаларды орындау кезінде жеткіліксіз эмоционалдық танытты;
 - өтініш берушіде орташа музыкалық және вокалдық мәліметтер, бағдарламаны айтарлықтай қателіктермен орындау, дәл емес интонациямен, шығармаларды орындау барысында мәнерліліктің болмауымен, сөздік кемшіліктермен;
 - өтініш беруші бағдарламаны жеткілікті дәрежеде дұрыс орындамаған, мәтінді орындау кезінде қателіктер жіберілген.
- «Қанағаттанарлықсыз» -4-0 балл, егер:**
- өтініш беруші шығармашылық мамандандыру бойынша кәсіби дайындыққа қажетті дауыстық және музыкалық деректерді жеткіліксіз көрсеткен болса;
 - өтініш берушінің музыкалық және вокалдық деректері жеткіліксіз, интонациялық материалды қанағаттанарлықсыз орындау және музыкалық тілдің элементтерін құлақ арқылы анықтау;
 - өтініш берушінің музыкалық және вокалдық қабілеттер мүлдем жетіспе
- «Музыкалық-теориялық» пәнінен шығармашылық емтиханды ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерді бағалау критерийлері:**

№	Бағалау өлшемдері	Сипаттамасы	Максималды балл
1	Сольфеджио (жеңілдетілген)	3-4 нотадан тұратын әуенді қайталап айту (тыңдау арқылы)	10 балл
2	Ритмді қайталау	Мұғалімнің соққан ырғақ үлгісін қолмен немесе дауыспен қайталау	15 балл
3	Дыбысты дәл табу	Бір дыбысты тыңдап, соны дауыс арқылы қайталау	10 балл
4	Мәнерлілік	Көркем сөз немесе шағын ән фрагментін эмоциямен айту	15 балл
	Барлығы:		50

Жұмыстарды бағалау кезінде комиссия олардың мынандай ерекшеліктеріне көңіл бөледі:

50-40 балл – «өте жақсы»

- **Талапкердің жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктері:** ерекше білім беру қажеттіліктерін, физикалық және психологиялық жағдайларын ескеру;
- Теориялық білім деңгейі: музыкалық ұғымдарды дұрыс түсіну және қолдану;
- Практикалық дағдылар: ырғақ, мелодия, аккордтарды орындай алу қабілеті;
- Тапсырмаларды орындау дәлдігі мен толықтығы: қателердің аздығы, тапсырмаларды толық орындау;
- Тыныштық пен сенімділік: емтихан барысында күйзеліс деңгейі және өзіне сенімділік;
- Бейімделген тапсырмаларды орындау сапасы: арнайы жағдайларға сай берілген тапсырмаларды орындау деңгейі.

39-20 балл – «жақсы»

Теориялық білім мен практикалық дағдылардың деңгейі;

- Тапсырмаларды орындаудағы дәлдік пен толықтық;

- Шығармашылық қабілеттер мен музыкалық интерпретация;
- Емтиханға дайындық деңгейі мен мотивация;
- Қиындықтарға қарамастан өзін-өзі ұстау және сенімділік;
- Бейімделген тапсырмаларды орындау сапасы мен тырысуы.

19-5 балл - «Қанағаттанарлық, егер;

- өтініш беруші музыкалық және вокалдық мәліметтердің бар екенін көрсетті, бірақ музыкалық қабілеттердің компоненттерін тексеру кезінде ол ән айту кезінде қателіктер жіберді, шығармаларды орындау кезінде жеткіліксіз эмоционалдық танытты;
- өтініш берушіде орташа музыкалық және вокалдық мәліметтер, бағдарламаны айтарлықтай қателіктермен орындау, дәл емес интонациямен, шығармаларды орындау барысында мәнерліліктің болмауымен, сөздік кемшіліктермен;
- өтініш беруші бағдарламаны жеткілікті дәрежеде дұрыс орындамаған, мәтінді орындау кезінде қателіктер жіберілген.

4-0 балл - «Қанағаттанарлықсыз», егер:

- өтініш беруші шығармашылық мамандандыру бойынша кәсіби дайындыққа қажетті дауыстық және музыкалық деректерді жеткіліксіз көрсеткен болса;
- өтініш берушінің музыкалық және вокалдық деректері жеткіліксіз, интонациялық материалды қанағаттанарлықсыз орындау және музыкалық тілдің элементтерін құлақ арқылы анықтау;
- өтініш берушінің музыкалық және вокалдық қабілеттер мүлдем жетіспе.

Әдебиеттер:

1. Қазақтың 1000 әні" – А. Затаевич
2. "Қазақ халық әндері" – Б. Ерзакович
3. "Қазақ ән өнері" – Уәлиев Н.
4. "Домбыра үйрену мектебі" – Ә. Хасенов
5. "Қазақ күйлері" жинағы – Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет және т.б. композиторлар шығармалары
6. "Қазақ халқының музыкалық мұрасы" – Б. Ерзакович
7. "Қобыз сазы" – Н. Жармұхамедов
8. "Жетіген – ұлттық мұра" – Қ. Сак
9. "Домбыра орындау шеберлігі" – Ә. Жүзбасов
10. "Вокалдық техника негіздері" – С. Ванина
11. "Дыбыс қою әдістемесі" – Л. Монд
12. "Ән айту мектебі" – Дж. Баттистини
13. "Жеке ән айту" – Б. Г. Тевлин
14. "Қазақ вокалдық өнерінің тарихы" – А. Қаракөзова